

"Южказнефтегаз" өндірістік бірлестігіне Жезқазған облысының аумағындағы Қызылорда облысының ұзақ мерзімді пайдаланудағы шаруашылықтарының жер қорынан жер учаскелерін пайдалану құқын беру туралы

Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің қаулысы 1994 жылғы 29 желтоқсан N 1481

Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті қаулы етеді:

1. Жезқазған облысы әкімінің және Қазақстан Республикасының Жер қатынастары және жерге орналастыру жөніндегі мемлекеттік комитетінің Жезқазған облысы Жезді ауданының аумағындағы Қызылорда облысының Тереңөзек ауданының "Қараөзек" совхозының ұзақ мерзімді пайдаланудағы жер қорынан қосымшаға сәйкес жалпы көлемі 2540,25 гектар "Құмкөл" кенішінің мұнай кәсіпшілігін кеңейту мен жайластыру үшін "Южказнефтегаз" өндірістік бірлестігіне жер учаскелерін пайдалану құқын беру жөніндегі Қызылорда облысының әкімімен келісілген ұсынысы қабылдансын.

2. "Южказнефтегаз" өндірістік бірлестігі:

аталған қаулыда көрсетілген мұқтаж үшін жерді алуға және уақытша ала тұрудан туындаған ауыл шаруашылығы өндірісінің шығындарын белгіленген тәртіппен өтейтін болсын;

жер учаскелерін уақытша пайдалану құқын беру мерзімінің бітуіне орай оларды белгілі мақсат бойынша одан әрі пайдалану үшін жарамды жағдайда келтіретін болсын.

Қазақстан Республикасының
Премьер-министрі

Қазақстан Республикасы
Министрлер Кабинетінің
1994 жылғы 29 желтоқсандағы
N 1481 қаулысына
Қосымша

"Южказнефтегаз" өндірістік бірлестігіне Жезқазған облысы Жезді ауданының аумағындағы Қызылорда облысының ұзақ мерзімді пайдаланудағы шаруашылықтарының жер қорынан жер учаскелерін пайдалану құқын беру туралы

/гектарға шаққанда/

Жер учаскелерінің		Құқық беріле отырып алынатын жер
алынуына байланысты		учаскелерінің көлемі
оларды пайдалану құқы		-----
тоқтатылатын жер		тұрақты пайдалану уақытша пайдалану
иеленушінің атауы		-----
		оның ішінде оның ішінде
		----- -----
		барлығы жайы. басқа Барлығы жайы. басқа
		лым да жер лым да жер
		алап. алаптары
		тары

Қызылорда облысының	2438,59	2340,48	98,11	101,66	101,51	0,15
Тереңөзек ауданындағы						
"Қараөзек" созхозы						
/Жезқазған облысының						
аумағында ұзақ мерзімді						
пайдалану/						